

**Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттерінің жұмыс істеуінің кейбір мәселелері туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 13 желтоқсандағы N 1240 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 17 қыркүйектегі № 977 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 17.09.2013 № 977 қаулысымен ( алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 13 қаңтардағы Заңын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған:

1) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттерінің ашылу, жұмыс істеу және жабылу қағидалары;

2) алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2012.04.26 № 533 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) **Қ а у л ы с ы м е н ;**

3) алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2012.04.26 № 533 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) **Қ а у л ы с ы м е н ;**

4) алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2012.04.26 № 533 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) **Қаулысымен;**

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 5 ж ы л ғ ы 1 3 ж е л т о қ с а н д а ғ ы

N 1 2 4 0 қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

**Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттерінің ашылу, жұмыс істеу және жабылу қағидалары**

Ескерту. Қағида жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.04.26 № 533 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

## 1. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттерінің ашылу, жұмыс істеу және жабылу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттерінің (бұдан әрі – өткізу пункттері) ашылу, жұмыс істеу және жабылу тәртібін айқындайды.

2. Өткізу пункттері Қазақстан Республикасының басқа мемлекеттермен халықаралық қатынастарын қамтамасыз етуге арналған.

3. «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы туралы» Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 13 қаңтардағы Заңына және Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы темір жол, автомобиль, теңіз, әуе және өзге де қатынастардың өту орындарындағы өткізу пункттерін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

Өткізу пункті тиісті технологиялық жабдығы бар ғимараттар, үй-жайлар және құрылыстар кешенін қамтиды, бұларда Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасында бақылауды жүзеге асыратын кеден органдарының және басқа да органдардың бақылау-өткізу пункттері құрылады.

4. Жеке тұлғалардың Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасынан өтуінің, ол арқылы көлік құралдарын, жүктерді, тауарларды, жануарларды, өсімдік өнімін және өзге де мүлікті (бұдан әрі - көлік құралдары мен жүктер) өткізудің белгіленген тәртібін сақтауды қамтамасыз ету үшін өткізу пункттерінде Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы» 2010 жылғы 30 маусымдағы, «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» 2009 жылғы 18 қыркүйектегі кодекстерінде, «Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің мәселелері» туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 10 желтоқсандағы Жарлығында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы туралы» 1993 жылғы 13 қаңтардағы, «Ветеринария туралы» 2002 жылғы 10 шілдедегі, «Өсімдіктерді қорғау туралы» 2002 жылғы 3 шілдедегі, «Автомобиль көлігі туралы» 2003 жылғы 4 шілдедегі заңдарында белгіленген тәртіппен шекаралық, кедендік, санитариялық-карантиндік, ветеринариялық-санитариялық, көліктік және

мемлекеттік фитосанитариялық бақылау жүзеге асырылады.

5. Өткізу пункттерінде Қазақстан Республикасының заңдарында көзделмеген бақылаудың басқа түрлерін ұйымдастыруға және жүзеге асыруға, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалардың шекарадан өтетін көлік құралдарына, жүктерге және жолаушыларға қызмет көрсетумен байланысты емес шаруашылық және өзге де қызметті жүзеге асыруына жол берілмейді.

6. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасындағы өткізу пункттері  
б ы л а й ш а с ы н ы п т а л а д ы :

1) халықаралық қатынастар түрі бойынша: автомобиль (автожол), темір жол, теңіз, өзен (көл), әуе, жаяу жүргінші, аралас;

2) халықаралық қатынастар сипаты бойынша: жүк, жолаушылар, жүк - жолаушылар ;

3) жұмыс істеу тәртібі бойынша: тұрақты (тұрақты негізде жұмыс істейтін, маусымдық, тұрақты емес негізде жұмыс істейтін) және уақытша;

4) мәртебесі бойынша: көпжақты (халықаралық) және екіжақты ( мемлекетаралық ) ;

5) жұмыс режим бойынша: күндізгі, тәулік бойғы.

7. Өткізу пункттері :

1) азаматтығына (бодандығына) қарамастан жеке тұлғалардың және үшінші елдердің аумағында тіркелген көлік құралдарының мемлекеттік шекарадан өтуі үшін көпжақты ;

2) шекарадан Қазақстан Республикасының және шекаралас мемлекеттің азаматтары мен көлік құралдарының ғана өтуі үшін екіжақты болуы мүмкін.

8. Өткізу пункттерінің, олардың халықаралық қатынастағы түрі мен сипаты, жұмыс істеу тәртібі, жұмыс мәртебесі мен режимі бойынша сыныпталуы көрсетілген өткізу пункттерін ашу туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдері ресми баспасөзде жариялануға жатады және оларды «Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 30 мамырдағы Заңында белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі Қазақстан Республикасындағы шет мемлекеттердің дипломатиялық (консулдық) өкілдіктерінің және мүдделі халықаралық ұйымдардың, Қазақстан Республикасының шетелдегі дипломатиялық және консулдық өкілдіктерінің назарына жеткізеді.

## **2. Өткізу пункттерінің ашылу тәртібі**

9. Өткізу пунктін орнатудың орындылығын айқындау үшін мүдделі мемлекеттік орган (бұдан әрі – бастамашы) осы Қағидалардың 4-тармағында көрсетілген белгіленген бақылау түрлерін жүзеге асыратын мемлекеттік

органдарға (бұдан әрі – мемлекеттік бақылау органдары) мынадай материалдарды :

1) өткізу пунктін орнатудың орындылығын, жоспарланатын өткізу қабілетін және ашылу мерзімін, құрылысқа (қайта жаңартуға) кететін шығындардың есептемесін, жабдықты, техникалық жарақтауды, көлік, инженерлік және әлеуметтік-тұрмыстық инфрақұрылымды құру мен дамытуды, сондай-ақ қаржыландыру көздерін көрсете отырып, оны орнату туралы қолдау хатты;

2) жергілікті (облыстық) атқарушы органның өз аумағында өткізу пунктін орнатуға келісімін (егер ол бастамашы болып табылмаған жағдайда) жібереді.

Мемлекеттік бақылау органдары өздеріне ұсынылған материалдарды қарайды және олар ұсынылған күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде бастамашыға өз қорытындысын жібереді.

Бастамашы Кеден одағының сыртқы шекарасында автомобильдік өткізу пунктін орнату бойынша Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Кедендік бақылау комитетіне, Қазақстан-Ресей мемлекеттік шекарасындағы автомобильдік өткізу пункті бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметіне, ал темір жол, әуе және теңіз (өзен) өткізу пункттерін орнату бойынша Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігіне жоғарыда көрсетілген материалдар мен мемлекеттік бақылау органдарының қорытындыларын жібереді.

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі өткізу пунктін орнату мәселесін шектес мемлекетпен келіседі, одан кейін Кеден одағының сыртқы шекарасында автомобильдік өткізу пункті бойынша Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Кедендік бақылау комитеті, Қазақстан-Ресей мемлекеттік шекарасындағы автомобильдік өткізу пунктін орнату бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі, ал Мемлекеттік шекара арқылы темір жол, әуе және теңіз (өзен) өткізу пунктін орнату бойынша Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі тиісті келісім жобасын дайындайды.

10. Шекаралас мемлекетпен Келісімге қол қойылған жағдайда, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Кедендік бақылау комитеті Кеден одағының сыртқы шекараларында автомобильдік өткізу пунктін, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі Қазақстан-Ресей мемлекеттік шекарасындағы автомобильдік өткізу пунктін, ал Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі темір жол, әуе және теңіз (өзен) өткізу пунктін орнату туралы шешім қабылдау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметіне мүдделі мемлекеттік органдармен келісілген, халықаралық қатынас түрі мен сипаты, жұмыс істеу тәртібі, мәртебесі және жұмыс режимі бойынша олардың сыныпталуын көрсете отырып, өткізу пунктін

бекіту туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулысының жобасын ұ с ы н а д ы .

11. Мемлекеттік шекара арқылы өткізу пунктін орнату туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі қабылдаған шешім объектілерді жобалауға, салуға ( қайта жанартуға), жайластыруға және өткізу пунктін техникалық жарақтандыруға қаржыландыруды ашу, көлік, инженерлік және әлеуметтік-тұрмыстық инфрақұрылым құру және дамыту үшін, сондай-ақ онда бақылау органдарының бөлімшелерін құру үшін негіздеме болып табылады.

11-1. Теңіз (өзен) өткізу пункттерін салуды және жайластыруды мемлекеттік бақылау органдарының келісімі бойынша теңіз (өзен) порттарының иелері немесе теңіз терминалдарының операторлары жүзеге асыра алады.

**Ескерту. 2-бөлім 11-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 29.05.2013 № 534 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.**

### **3. Өткізу пункттерінің жұмыс істеу тәртібі**

12. Осы Қағидалардың 11-1-тармағында көзделген жағдайды қоспағанда, Кеден одағының сыртқы шекарасында автомобиль өткізу пунктін орнату туралы Үкіметтің шешімі қабылдағаннан кейін Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Кедендік бақылау комитеті, Қазақстан-Ресей мемлекеттік шекарасындағы автомобиль өткізу пунктін – Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі, темір жол, әуе және теңіз (өзен) өткізу пунктін орнату бойынша – Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі өткізу пунктін жобалау, салу (реконструкциялау), жабдықтау және техникалық жарақтандыру жөнінде тапсырыс берушінің функциясын атқарады.

**Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 29.05.2013 № 534 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.**

13. Тапсырыс беруші мүдделі мемлекеттік органдар ұсыныстарының негізінде «Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» 2001 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен өткізу пунктін жобалауды және салуды, сондай-ақ өткізу пунктін салу (қайта құру) аяқталғаннан кейін аяқталған объектіні қабылдауды қ а м т а м а с ы з е т е д і .

14. Мемлекеттік шекара арқылы өткізу пункттерін жабдықтау және ұстау теңгерімінде осы өткізу пункті болатын мемлекеттік органға жүктеледі.

Теңіз (өзен) порты иесінің немесе теңіз терминалы операторының қаражаты есебінен теңіз (өзен) өткізу пунктін жайластыру кезінде кейіннен ұстауды теңіз (

өзен) портының иесі немесе теңіз терминалының операторы жүзеге асырады;

**Ескерту. 14-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 29.05.2013 № 534 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.**

15. Өткізу пунктiнiң жалпы жұмыс тәртібі (жұмыстың басталу және аяқталу уақыты, технологиялық үзілістері, кестелері, Мемлекеттік шекара арқылы жүретін көлік құралдары мен жүктердің қозғалыс кестелері) халықаралық келісіммен немесе көлік ұйымдары әкімшілігімен (әуежайдың, теңіз немесе өзен порттарының, шекаралық темір жол вокзалының, станциялардың және өзге де көлік кәсіпорындарының бастықтарымен) келісім бойынша бақылау органдары басшыларының бірлескен шешімімен бекітіледі.

Өткізу пунктiнiң жалпы жұмыс тәртібі шекаралас мемлекеттердің шекара өкілдерімен келісіледі.

16. «Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы» 2010 жылғы 30 маусымдағы Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес бажсыз сауда дүкендерін қоспағанда, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттерінде қызмет көрсету саласының объектілерін орналастыруға рұқсат етілмейді.

17. Нақты өткізу пункттерінің жергілікті жағдайларын ескере отырып, бақылау органдары басшыларының бірлескен шешімдерімен және көлік ұйымдары әкімшіліктерінің келісімі бойынша өткізу пунктінде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы жеке тұлғаларды, көлік құралдары мен жүктерді өткізудің бірлескен технологиялық схемалары қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының адамдар, көлік құралдары мен жүктер Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасынан өтетін кезде оларды өткізу пункттерінде бақылауды жүргізген кезде өзара іс-қимыл тәртібі мемлекеттік бақылаушы органдардың бірлескен актісімен аяқындалады.

18. Бақылау органдары мен көлік ұйымдарының әкімшіліктері өткізу пункттерінде өздерінің қызметін мынадай негізгі бағыттар бойынша үйлестіреді:

1) өткізу пунктінде қалыптасқан жағдайды бірлесіп талдау, жолаушы және жүк ағындарының өзгеруі бойынша үрдістерді, жеке тұлғалардың Мемлекеттік шекарадан өту және шекара арқылы көлік құралдары мен жүктерді өткізу ережелерін ықтимал бұзушылықтарды болжау;

2) өткізу пунктiнiң жұмысын жетілдіру жөнiнде ұсыныстар әзірлеу және іске асыру;

3) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өтудің

бірлескен технологиялық схемалары мен өзара іс-қимыл жоспарларын әзірлеу және бекіту.

#### 4. Өткізу пунктiнiң жабылу тәртібі

19. Өткізу пунктi уақытша немесе толық жабылуы мүмкін.

20. Өткізу пунктiн уақытша жабу мынадай:

1) Қазақстан Республикасы Үкіметiнiң шешiмi бойынша төтенше жағдайлар, дүлей апаттар, техногендiк сипаттағы ахуалдар, адамдардың карантиндiк және аса қауiптi инфекциялық ауруларының және/немесе Халықаралық эпизоотикалық бюро тiзiмiне енгiзiлген жануарлар ауруларының, карантиндiк зиянкестердiң, өсiмдiк ауруларының немесе арамшөптердiң таралу қауiпi жағдайында және көлiк қатынасын жүзеге асыруға немесе бақылау органдарының жұмыс iстеуiне мүмкiндiк бермейтiн басқа да жағдайларда, санитарлық-эпидемиологиялық ахуал нашарлаған жағдайларда;

2) өткізу пунктiн салу (қайта жаңарту) көрсетiлген өткізу пунктiнде мемлекеттiк бақылауды жүргізуге кедергi келтiрген жағдайда жүргiзiледi.

Қажеттi жағдайларда (Мемлекеттiк шекараны бұзушыларды iздеген, өткізу пунктi ауданындағы криминогендiк ахуал шиеленiскен жағдайларда, санитариялық-эпидемиологиялық ахуал нашарлаған жағдайда және ел аумағына жұқпалы және паразиттiк аурулардың әкелiнуiн болдырмау мақсатында) Қазақстан Республикасы Ұлттық қауiпсiздiк комитетiнiң төрағасымен, Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттiк санитариялық дәрiгерiмен келiсiм бойынша Шекара қызметi директорының шешiмiмен Қазақстан Республикасының шекара өкiлдерi шекаралас тараптың өкiлдерiн хабардар ете отырып, нақты өткізу пунктiнiң жұмысына уақытша шектеулер енгiзiлуi мүмкiн.

21. Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында көзделген тәртіппен өткізу пунктiн уақытша жабу туралы шешiмдi қабылдау немесе бұзу туралы Қазақстан Республикасымен шекаралас мемлекеттерге, ал қажет болған жағдайда – басқа да мүдделi мемлекеттерге дипломатиялық арналар бойынша х а б а р л а н а д ы .

22. Уақытша жабылатын өткізу пунктiнiң жұмысы қайта басталғанға дейiн бақылау органдарының құрылымдық бөлiмшелерi таратылуға жатпайды және өздерi бағынатын тиiстi басшылардың шешiмi бойынша қызметтi жүзеге а с ы р а д ы .

2 3 . М ы н а д а й :

1) Қазақстан Республикасының Мемлекеттiк шекарасы арқылы көлiк қатынасын тоқтату туралы Қазақстан Республикасы халықаралық шарттарының к ү ш і н е е н у і ;

2) Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын тиісті халықаралық шартқа өзгерістер енгізу не өткізу пунктiнiң одан әрi жұмыс iстеуiнiң орынсыздығы немесе мүмкiн болмайтындығы туралы Қазақстан Республикасының мүдделi мемлекеттiк органдарының, облыстардың жергiлiктi атқарушы органдарының ұсынымы бойынша Қазақстан Республикасының одан шығуы ;

3) Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын тиісті халықаралық шарттан қатысушы мемлекеттің шығуы негізінде өткізу пунктi толығымен жабылуы мүмкiн .

24. Өткізу пунктiн толық жабу кезінде жабудың бастамашысы өткізу пунктiн жабу туралы барлық мүдделi мемлекеттiк органдармен келiсiлген қорытынды дайындайды және оны Үкiметтiң қарауына енгізедi.

Қазақстан Республикасы Үкiметiнiң өткізу пунктiн жабу туралы шешiмi өткізу пунктiнiң қызметiн тоқтату үшін негiз болып табылады.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к i м е т i н i ң

2005 жылғы 13 желтоқсандағы

№ 1240 қаулысымен

бекітілген

**Адамдар, көлік құралдары мен жүктер Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасынан өтетін кезде оларды өткізу пункттерінде бақылауды жүргізу тәртібі туралы нұсқаулық**

Ескерту. Нұсқаулық алынып тасталды - ҚР Үкiметiнiң 2012.04.26 № 533 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к i м е т i н i ң

2005 жылғы 13 желтоқсандағы

№ 1240 қаулысымен

бекітілген

**Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттерін жайластыруға және оларды техникалық жарақтандыруға қойылатын үлгі талаптар**



Ескерту. Үлгілік талаптар алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2012.04.26 № 533 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2005 жылғы 13 желтоқсандағы

№ 1240 қаулысымен

бекітілген

**Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы  
өткізу пункттерін санаттандыру ережесі және оларда  
орналастырылған бақылау органдарының үлгі штаттары**

Ескерту. Ереже алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2012.04.26 № 533 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.